

XFTAP 03.61.91

**Н.Г.Шаймердинова, Б.С.Жиёмбай, А.Е.Абдрасимова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: [nurila1607@mail.ru](mailto:nurila1607@mail.ru), [zhiembai\\_bibigul@mail.ru](mailto:zhiembai_bibigul@mail.ru), [aziza\\_dikhanbayeva@mail.ru](mailto:aziza_dikhanbayeva@mail.ru))

### **Қазақстан Республикасындағы қырғыздардың тарихы, тілі және мәдениеті**

**Аннотация.** Қазақстан – түрлі тілде сөйлейтін алуан түрлі халықтың өкілдері қоныстанған көп ұлтты мемлекет. Қырғыздар Қазақстан Республикасының аумағында ежелден бері қоныстанып келе жатқан түркі халықтарының бірі саналады. Мақалада қазақ және қырғыз этнонимдеріне қатысты тарихи мәліметтер, қырғыздардың Орта Азия аумағына тарихи көші-қоны қарастырылып, сонымен қатар қазақ пен қырғыздың алуан түрлі байланыстары, Қазақстандағы қырғыздардың көші-қон себептері ашып көрсетіледі. Жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға Қазақстандағы қырғыз диаспорасының отбасылық-туыстық қарым-қатынасы саласындағы әлеуметтік-мәдени факторлары, тілдерді білуі, этникалық мәдениеті негіз болған.

**Түйін сөздер:** қырғыз, тарих, көші-қон, диаспора, сауалнама, әлеуметтік-мәдени факторлар.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-102-108>

**Кіріспе.** Қазақстанды мекендеген өзге аз санды этнос өкілдері мемлекет құраушы ұлт құрамына кіретіні белгілі, солардың бірі – қырғыз диаспорасы.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2014 жылдың 1 қаңтарында түрлі ұлт өкілдеріне жүргізілген санағы бойынша Қазақстанда қырғыз диаспорасының 29 803 өкілі тұрады екен.

2009 жылғы Қазақстан Республикасы бойынша Статистика агенттігі тарапынан жүргізілген жыл санағы бойынша Қазақстанда 23 274 қырғыз тіркелген және бұл халықтың шамамен 0,15 % құраған. Олардың саны 10 жыл ішінде 2 есеге өсіп отыр (алғашқы санақпен салыстырғанда): 1999 жылы – 10 925 қырғыз болған. Осылайша қырғыздар республика бойынша өзге этностарға қарағанда өсім көрсеткішін көрсетіп отыр, бұл 113 %-ды құрайды.

Қырғыз миграциясының Қазақстанға қоныс аударуының негізгі себептері ретінде еліміздің еңбек нарығындағы жақсы жағдайдың қалыптасуын, қырғыз-қазақ кеден шекарасының ашылуын, сондай-ақ 2015 жылы Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуын атап өтуге болады. Көптеген еңбек мигранттары Қазақстанда жұмыс істеген бірнеше айдан кейін бастапқыда тұрғылықты мекенжайын, кейіннен азаматтығын алып жатады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің басты мақсаты – Қазақстан Республикасын мекендеген қырғыз диаспорасының қоныстану тарихын тану, тілді қолдануын айқындау, мәдениетін зерделеу. Диаспораның салт-дәстүрді меңгеру деңгейі, ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап тануы, қырғыз тілін меңгеруі жан-жақты сауалнама негізінде қарастырылады. Зерттеп отырған этностың тілдік ерекшеліктері Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының статистикалық мәліметтеріне сүйеніп жасалып отыр.

**Тарихы.** Қырғыздар төңкеріске дейінгі әдебиетте қара қырғыздар деген атаумен белгілі болған еді. Бұл атау Ұлы қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдары да (1925 жылға дейін) ішінара сақталуын жалғастыра түсті. Қырғыздардың көршілері қазақтарды да ертеректе қазақ-қырғыз деп ағат атап, соның салдарынан қазақтар мен қырғыздарды өте жиі біртұтас халық ретінде қателікпен қарастырып жүрді. XVIII ғасырдағы қытай деректерінде, сонымен қатар қалмақтардың арасында қырғыздар *бұрыт* деген атаумен белгілі болған [1, 136 с.].

*Қазақтарды қырғыздармен неліктен шатастыратындығын түсіндіріп беретін бірнеше тарихи деректерді келтірейік.*

XVIII ғасырдағы ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде *қазақ* терминін ығыстыру басталды. Өйткені, бұл ұлттық атау үшін *қырғыз* сөзіне қателіктен қолданыла бастаған еді. Алайда бұл жайт немен байланысты орын алды? Қазақ этносының атауында ең алдымен амстердамдық көпес, Орта Азия халықтары туралы энциклопедия жазған Н.К.Витсен қате жіберген болатын. Ол барлық аралаған жерлерінен орыс тілді тұрғындардың ақпараттарына сүйене отырып, энциклопедиясының «Бұқара» бөлімінде қазақтар туралы ақпараттарды орналастырып отырды [2]. Шындығында да, қазақ хандығы уақыттың белгілі бір кезеңінде Бұқара хандығымен қырғыздар қоныстанған жерлер үшін күрес жүргізгені тарихтан мәлім. Міне, дәл осы қателіктің салдарынан одан кейінгі зерттеушілер де қазақтарды қырғыздар деп жаза бастады. Айта кетерлігі, амстердамдық көпестің еңбегінен еш бір тарихшы бұған дейін мақтана алмаған бірегей мәліметтерді табуға болады.

1734 жылы қазақ делегациясы Петерборға барады. Ералы сұлтан бодандық шартын бекіту тиіс-тін. Мұндай жағдай міндетті түрде газетте жариялануы тиіс және оны «Санкт-Петербург» хабаршысы басып шығарды. Олар Н.К. Витсен кітабынан үзінді аударып басады. Бірақ, сол уақытта орыстар қазақтардың және өзге де көршілес халықтардың қоныстанған орны жайында еміс-еміс қана білетін. Сондықтан олар кітаптың алғаш көзге түскен үзіндісін, яғни орыстардың оңтүстік-шығыстағы емес, жай шығыстағы көршілері туралы мәліметті алады. Ал мақаланың дәл сол үзіндісі Енисей қырғыздары туралы болатын. Қызыл сөзге бой алдырған басылым тілшісі мақаласын әсірелей түсіп, қазақтар Енисей қырғыздарынан шыққан деген еш дәлел-дәйегі жоқ өзінің пайымын ұсынады. Ал газет сол уақытта ресми патшалық орган саналғаннан кейін онымен ешкім де дауласа алмағандығы анық жайт. Дегенмен, сол жылдардың өзінде-ақ мақаланың мүлдем мән-мағынасыздығын білген ғалымдар да болатын. Бірақ шенеуніктер мен олардың бағынышты қызметкерлері қазақтарды айқындау үшін қырғыз атауын қолдана бастады. Себебі олар «Санкт-Петербург» хабаршысындағы жарияланымды оқығаннан кейін оны дұрыс деп есептеген.

Қырғыздарды қазақтармен шатастыруға болмайтындығын және оның дұрыс еместігін батылы жетіп, ең бірінші болып академик Г.Х. Миллер жазды [3]. 1771 бұл пікірді Х. Барданес өзінің еңбегінде нақтылай түсті [4]. Одан кейін танымал зерттеушілер еңбек жазып, онда ғалымдар тобы терминологияның дұрыс еместігіне, қазақ деген атаудың өзінің әділ еместігіне сендіруге тырысты. Тіпті өткен ғасырдың 20 жылдарына дейін де терминологияда мұндай адасушылық сақталып келді. Оның себебі салақтық емес, бұл терминді патшалық әкімшілікке қолдану ыңғайлылығында жатыр еді. Осынау теріс атау әкімшілерге қазақтарды Жайық казактарынан айыруға көмектесті. Өйткені, сол уақытта баспаға осынау атаудың фонетикалық айтылуына айырмашылық жасайтын белгі әлі енгізілмеген болатын.

В. Бартольд орыстар қазақтарды қырғыздардан әлде қайда бұрын білген және олар өздерінің бастамасымен қазақтарды қырғыз деп атауы екіталай деп есептейді. Ол қалмақтардың қазақтарды бұрыттар, ал қырғыздарды казак-бұрыттар деп, орыс хабарларында қазақ-қырғыз немесе қырғыз-қайсақ деп атағандығын атап өтеді [5].

Зерттеушілердің атап өтуінше, XVIII ғасырға дейін Ресейде «қырғыз-қайсақтарға» (қазіргі қазақтардың арғы аталары) *казактар*, *Казак ордасы* деген атауларды танған. Анна Иоанновна билік еткен тұста, Кіші жүз қазақтары Ресейге қосылғаннан кейін «қырғыз-қайсақтарды» славяндық казактармен (өз қожайындарынан оңтүстікке, Дон, Днепр өзендерінің бойына қашқан крепостық шаруалар) шатастырмас үшін *қырғыздар* деп атай бастаған.

Ш.Ш. Уәлихановтың пайымынша, қазақтар «қырғыз» атауын орыстардан алды. Өйткені, сырт келбеттері мен тілдері қырғыздарға өте жақын болған [6]. Ал Э.А. Масановтың ойынша, қазақтардың қырғыз аталуы Енисей қырғыздарының негізгі бөлігінің өздері ежелден мекен еткен ауданнан тосын жоғалып кетуімен және орыстардың оларды казактармен араласып кетті деп болжауымен байланысты [7].

Қырғыздар қалайша қазақтардың көршісі болды? Неміс шығыстанушысы Г.Клапорттың пайымынша, қырғыздар оларды орыстар Сібірді жаулаған кезде жолықтырған жерлерінде сонау Шыңғыс хан заманынан бері өмір сүрген. Ол бұл пайымына дәлел ретінде 1280 жылдан 1367 жылға дейін патшалық құрған қытайдың Юань династиясы деректеріне сілтеме жасайды [8, 117 б].

XVII ғасыр бойы Том мен Енесей арасында, Ақ және Қара Июс бойында, Абаканда және Саян тауларының баурайында өмір сүрген қырғыздар бір ғасыр бойы жаңадан келіп ірге тепкен көршілес орыстарды алаңдатып, тіпті ойран салып, бірде Ресейдің, енді бірде моңғол ханы Алтын ханның, тағы бірде жоңғарлардың қарамағына өтіп отырады. 1607 жылы қырғыздар сібір казактарынан тас-талқан болып жеңіліп, Ресей билігін мойындауға мәжбүр болды. Дегенмен, зерттеушілердің атап өтуінше, қырғыз өте жауынгер халық болғандықтан, орыстардың қоныстары мен қалаларын дүркін-дүркін шабуылдап, оларды ойрандап, тіпті өзге түркі халықтарын бүлікке бастап отырған.

Түптеп келгенде, XVII соңында не болмаса XVIII ғасырдың басында жоңғар қонтайшысы ресейлік билеушілердің келісімімен оларды Андижанмен немесе Аныцзичжан мен Қашқар арасындағы тау баурайына қоныс аударуға мәжбүрлейді [3, 140 б]. Осылайша, қырғыздар Орталық Азиядағы Қоқанд хандығының иелігіне, қытайлықтар Жаркент, Қашқар Ушский деп, ал орыс татарлары өздері сауда-саттық жасап жүрген жерлеріне тақау болғаннан кейін Алатау, Ақтау, Қырғызтау деген жерге тап болады [1, 140 б].

XVIII ғасырдың басында қырғыздар жетісулық қазақтармен көршілес болып, олармен тек қана географиялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге өмір сүру салты, тұрмысы, мәдениет, тілі, қонақжайлылығы бойынша жақын бола түседі. Қырғыздар да мал шаруашылығымен айналысып, қазақ үйде тіршілік етті, ет жеп қымыз бен айран ішті. Бірақ, шошқа етін жеген емес. Киімдері, салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары, ойындар мен сайыстары, оның ішінде суырып салып өнер көрсететін «айтыстары» ұқсас болды. Қазақтар мен қырғыздар бір-бірін аудармашысыз-ақ жете түсінді. Атап өтерлігі, мәдени-ареалдық өзара іс-қимылдары екі тараптың да қалауымен орын алды. Қырғыздармен шекаралас аймақтарда қазақ ауылдары тіршілік етті. XX ғасырда, Кеңес билігі тұсында қазақ пен қырғыз халықтарының экономикалық, мәдени, ғылыми, білім беру байланыстары мұнан әрі нығая түсті [9].

Кеңес одағы күйрегеннен кейін қырғыз халқы бірқатар әлеуметтік күйзелісті, «түрлі-түсті төңкеріс» уақытын, бірнеше президенттің ауысуын бастан кешірді. Бұл қырғыз азаматтарының Қазақстанға, Ресейге және ТМД-ның өзге де мемлекеттеріне еңбек мигранты болып босуына түрткі жасады. Еңбек мигранттар легінің артуына мына деректер де нақты дәлел бола алады. 1999-2014 жылдары аралығына Қазақстанға келген қырғыз мигранттарының саны 2 есеге артты.

**Зерттеу нәтижелері.** Қазақстандағы диаспоралардың саны жағынан орналасуына келсек, 1999 жылғы санақ бойынша алғашқы қатарларда орыс, украин диаспора өкілдері болса, 2009 жылғы санақта алғашқы орындарда орыс, өзбек диаспоралары орналасуда. Қазіргі таңда елімізде мекендейтін түркі халықтарының ішіндегі аса ірілері: өзбектер – 370765-ден 456997-ге, яғни 86232-ге; ұйғырлар 210377-ден 224713-ке, 14336 адамға; түріктер 75950-ден 97015-ке, 21065 тұрғынға; ал қырғыздар – 10925-тен 23274-ке өскен, яғни 12349-ға адам саны артқандығын көреміз.

Төмендегі кестеге сәйкес, Қазақстандағы қырғыз халқының, 1970-2014 жылдар арасындағы статистикалық мәлімет көрсеткіштері негізінде қырғыз халқының өскенін байқаймыз.

Қырғыз диаспорасының Қазақстандағы өсімі	1970 ж.	1979 ж.	1989 ж.	1999 ж.	2009 ж.	2014 ж.
<i>Қала бойынша</i>	4715	4677	7448	5976	15901	17767
<i>Ауыл бойынша</i>	4897	4675	6270	4949	7373	12036
<i>Барлығы</i>	9612	9352	13718	10925	23274	29803

Бұл кесте қырғыз диаспорасының демографиялық үрдістеріндегі табиғи жоғары өсімінің көрсеткішін нақтылап береді.

Этностық саралану қалалық және ауылдық жерлерде айқын көрінеді. Жеке қырғыз этносының қалалық және ауылдық жерлерде қоныстануы былайша сипаттайтын болсақ, 68,3% қырғыздар қалалық жерлерде тұрады. Қырғыздардың қалған бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Қырғыздардың басым бөлігі қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болған жерлерінде қоныстанған [10, 36-37 бб.].

«Қазіргі Қазақстан жағдайында қыпшақ-оғыз халықтарының этникалық мәдени мұрасын сақтау және дамыту» жобасы негізінде Қазақстандағы қырғыз диаспора өкілдері арасынан түрлі тақырыпта сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде, отбасы тарихы, яғни ата-бабаларының Қазақстанға қоныстану мерзімі, қоныс аудару себебі туралы сұраққа сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі нақты мәлімет бере алмады. Көпшілігі өздерін Қазақстанның байырғы тұрғындары деп есептейді. «Сіздің отбасыңыз Қазақстанға жер аударылды деп санайсыз ба?» деген сауалға сауалнамаға қатысушы 140 адамның 72-сі (51,4%) «жоқ» деп жауап берсе, 1 адам (0,7%) «иә» деп жауап берді, ал қалған 67 адам (47,9%) нақты ақпарат бере алмады.

Сауалнамаға сәйкес, қырғыз ұлтының адамдары 1989-2006 жылдар аралығында Қазақстанға тұрақты мекен ету мақсатында көшіп келе бастаған. Келу себептері ретінде сауалнамада жұмыс іздеу, жолдама, жоғары оқу орнын аяқтау, отбасын құру, т.б. көрсетілген. Респонденттердің көпшілігі ұлттық бірегейліктің маңыздылығын, яғни салт-дәстүр, дін, ұлттық құндылықтарды сақтауды ұғынады. Зерттеу әңгімелесу, сауалнама толтыру арқылы жүзеге асырылды.

Этникалық өзін-өзі анықтау бойынша жүргізілген сауалнамаға сәйкес 140 адамның 134-і (95,7%) өзін қырғыз ұлтынанмын деп есептейді, ал қалғандары қазақ, ұйғыр ұлтынанбыз деп санайды. Этникалық өзін-өзі анықтауда этносқа тиесілі басым бағыт әке тармағы болып есептелетіні белгілі. Осыған қарай отырып, қазіргі таңда Қазақстанда қырғыздардың мәдениетінің, тілінің сіңірілуіне анадан гөрі әкенің ықпалы көбірек екенін байқауға болады.

Неке тұрғысында қырғыздар негізінен қырғыз қыздарына үйленеді және қырғыз ұлтына тұрмысқа шығады, бірақ өзге ұлт өкілдері де арагидік ұшырасады.

*Әкесінің ұлты:* 138 адам (94,7%) қырғызбын деп, бір адам (0,7%) қырым татары және ұйғырмын деп жазылған.

*Анасының ұлты:* бес ұлттың өкілдері: 120 (85,7%) адам – қырғыз, 14 (10%) – қазақ, 3 (2,1%) – орыс, бір адам (0,7%) – өзбек, ұйғыр және татар.

Осылайша, қырғыздардың аралас отбасыларындағы басымдық жағдай әкеге тиесілі болып келеді. Сондықтан балалардың этникалық тегі әкесінің тегімен анықталады. Бұған қоса, қырғыздардың еркектері де, әйелдері де өзге этностардың өкілдерімен шаңырақ көтеріп, аралас неке құрай алады. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары қырғыз диаспорасының өкілдері қазақтармен, орыстармен, өзбектермен, ұйғырлармен некеге отыратындығына дәлел бола алады. Көп жағдайда қырғыздар өз ұлтының қыздарына үйленіп, этникалық мәдениетін, салт-дәстүрін, ділін сақтап қалғанын қалайды.

Екінші ұрпақта, яғни, аралас некеден туған балалар ата-аналарының бірі қырғыз болмағанда, келесі жайттар анықталды: 67 (47,3%) бала қырғыз, 7 (3,7%) бала қазақ деп жазылса, қалған 61 (43,6%) балаға қатысты мәліметтер жоқ.

Сауалнамаға қатысқан адамның барлығы дерлік ана тілді білуін маңызды деп санайды. Қырғыз тілі – тәуелсіз Қырғызстан Республикасының мемлекеттік тілі, Қазақстандағы қырғыз диаспорасының экзогенді тілі. Талдау нәтижесі төмендегідей нәтижені көрсетті:



Отбасындағы өзара тілдесінуі	Тек қана қырғыз тілінде	Тек қана орыс тілінде	Қырғыз және орыс тілдерінде	Қырғыз және қазақ тілдерінде	Қазақ, қырғыз, орыс тілдерінде	Қазақ, орыс тілдерінде	Тек қазақ тілінде	Мәлімет бермегендері
Мектеп жасындағы балалармен өзара тілдесуі	54 (38,6%)	12 (8,6%)	20 (14,3%)	4 (2,9%)	7 (5%)	5 (3,6%)	16 (11,4%)	22 (15,7%)
Ересектердің өзара тілдесуі	64 (45,7%)	10 (7,1%)	18 (12,9%)	6 (4,3%)	6 (4,3%)	5 (3,6%)	17 (12,1%)	14 (10%)
Өзге ұлт өкілдерімен тілдесуі	4 (2,9%)	53 (37,9%)	5 (3,6%)	–	8 (5,7%)	31 (22,1%)	20 (14,3%)	19 (13,6%)

Тіл талдауы көрсеткендей, Қазақстанда тұратын қырғыздардың өзге ұлт өкілдерімен тіл табысуы орыс тілінде өрбитіндігі анықталды. Қырғыздар өз ана тілін жақсы меңгерген немесе жеткілікті деңгейде біледі. Сауалнамаға қатысқан көпшілік тараптың жауабы негізінде тіл мәселесінде шектеу қойылмағандығын байқау қиын емес. 69 адам (43,9%) – қырғыз, қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген. Қоғамдық көліктерде, дәрігер қабылдауында, құқықтық мекемелерде 35 адам (25%) – орыс тілінде; 65 адам (46,4%) – қазақ және орыс тілдерінде; 20 адам (14,3%) – қазақ тілінде сөйлеседі.

Қазақстанда тұратын қырғыз диаспорасының тілді меңгеру деңгейі мынадай:

- 54 адам (38,6%) – қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде еркін оқиды;
- 55 адам (39,3%) – қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде еркін жаза біледі;
- 63 адам (45%) – қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде еркін ұғады;
- 40 адам (28,6%) – қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде кітап, газет-журналдар, хабарландырулар оқи алады (олардың 16 (11,3%) – орыс тілінде, 20 (14,3%) – қазақ және орыс, 30 (21,4%) – орыс және қырғыз тілдерінде);
- 43 адамға (30,7%) – дәріс, баяндама, телебағдарламалар мен радиобағдарламаларды қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде тыңдаған ыңғайлы;
- 39 адамға (27,9%) – концерттер, спектакльдерді қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде көрген ыңғайлы;
- 84 адам (60%) – ана тіліндегі фильмдерді қазақ және орыс тіліне аударып тыңдауға мұқтаж емес екенін айтса, 11 адам (7,9%) аударманың қажеттігін көрсеткен.

Алайда ана тілін меңгеру қажетті деңгейде емес бола тұра, респонденттер өздерін қырғыз ұлтынанбыз деп есептейтіндіктерін жеткізді.

Сауалнаманың «Өз жауаптарыңызға алып-қосарыңыз бар ма? деген соңғы сұрағына бірқатар респонденттер келесідей ұсыныстарын білдірген:

- өз ана тілімізде кітаптардың жарияланғанын қалаймын – 2 адам (12,5%);
- қазақ жерінде өмір сүріп жатқаным ризамын – 1 адам (6,2%);
- қырғыз тілінде газет-журналдар шықса екен – 2 адам (12,5%);
- қырғыз этномәдени орталықтары көбейсе деймін – 1 адам (6,2%);
- сауалнаманы жақсы ұйымдастырған – 5 адам (31,2%);
- түркі халықтарының достығының кеңейгенін қалаймын – 5 адам (31,2%).

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен сауалнамаға қатысушылар «Манас» жырын, «Құрманбек», «Эр Тоштук», «Жаныл мырза», «Бішкек туралы аңыз», «Чолпон», «Чыныбек» туралы ертегілерді атай алды. Бұл қырғыз халқының фольклорлық туындыларының мол екендігін көрсетеді және өз ұлтының санасына сіңіп қалғанын айғақтайды. Сондай-ақ сауалнама еліміздегі қырғыз диаспора өкілдерінде ән және аспапты музыкалық фольклордың бай екендігін де растады.

Қырғыз диаспорасы үйлену дәстүрімен байланысты жүргізілетін салттарды («үйлену той», «кыз узатуу», «кызды торкулетуу»), бала туған кездегі дәстүрлерді (бала туылғаннан кейінгі қырық күннен кейін бешик-туй жасалады; «тусоо кешу») қатаң сақтайды. Респонденттердің айтуынша, қырғыздың ұлттық салт-дәстүрлері қазақ халқына өте ұқсас, соның ішінде олар қонақжайлылықты, үлкенге құрметті және ұлттық ойындарды ұқсатады [11].

**Қорытынды.** Осылайша, Қазақстанды мекен етуші қырғыз ұлтының өкілдері этникалық топтар мен қазақтар арасында ешқандай күрделі мәселенің жоқтығын айтады. Барлық сауалнамаға қатысушылар Қазақстанды өз отаны ретінде санайтындығын, құрметпен қарайтындығын жеткізген.

Елімізде әбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалған. Бұған сөзсіз шағын этностардың ұлттық мәдени орталықтары мен Қазақстан халықтары ассамблеясының құрылуы септігін тигізуде. 2007 жылғы 24 тамызда Қазақстанда қырғыз ұлттық мәдени орталықтар негізінде «Манас» Қазақстандағы қырғыздар қауымдастығы құрылып, өз жұмысын табысты атқаруда.

### Әдебиеттер тізімі

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Петербург: Восточная литература, 1832. – 268 с.
2. Витсен Н.К. Северная и восточная Тартария. Том 2. – Амстердам: Pegasus, 2010. – 608 с.
3. Миллер Г.Ф. История Сибири. Том 2. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1941. – 637 с.
4. Барданес Х. Полное собрание ученых путешествий по России. Том 7. – Санкт-Петербург: Изд. Имп. Академии наук, 1825. – 546 с.
5. Бартольд В.В. Киргизы (Исторический очерк). – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 57 с.
6. Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 2. – Алма-Ата: изд-во АН Казахской ССР, 1985. – 329 с.
7. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа. – Алма-Ата: Ғылым, 1966. – 740 с.
8. Klaproth H. Tableaux historiques de l'Asie. – Paris, 1823. 4 Vde. mit Atlas.
9. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1990. – 480 с.
10. Райымбекова М. Қазақстандағы қырғыздар: этнодемографиялық көрсеткіштер. // Қазақ тарихы. – 2016. – №3. – Б.36-37
11. Невская И.А., Тажибаева С.Ж., Шаймердинова Н.Г., К.Шенинг, Ж.Тусупов Тюркский мир Казахстана: исследование языков и создание базы данных Global-Turk // International Journal for Information and Analytics. – 2016. – №4. – P.105-116

**Н.Г. Шаймердинова, Б.С. Жиёмбай, А.Е. Абдрасимова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### История, язык и культура кыргызов в Республике Казахстан

**Аннотация.** Казахстан – многонациональное государство, населенное представителями различных народов, говорящих на самых различных языках. Кыргызы являются одним из тюркских народов, издревле проживающих в Республике Казахстан. В статье рассматриваются исторические сведения этнонимов *казах* и *кыргыз*, исторической миграции кыргызов на территорию Средней Азии, а также раскрываются казахско-киргизские многообразные связи и причины миграции кыргызов в Казахстан. На основе данных социологического опроса выявляются социокультурные факторы в сфере семейно-родственных отношений, владения языками, развития этнической культуры кыргызской диаспоры в Казахстане.

**Ключевые слова:** киргизы, история, миграция, диаспора, опрос, социокультурные факторы.

**N.G. Shaymerdinova, B.S. Zhiyembay, A.E. Abdrassimova**  
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **History, language and culture of Kyrgyz in the Republic of Kazakhstan**

**Abstract.** Kazakhstan is a multinational state that populated by representatives of various peoples who speak a variety of languages. Kyrgyz is one of the Turkic peoples who has lived in the Republic of Kazakhstan since ancient times. The article considers the historical information of ethnonyms of *Kazakh* and *Kyrgyz*, historical migration of Kyrgyz to the territory of Central Asia, as well as Kazakh-Kyrgyz diverse connections and reasons for Kyrgyz migration to Kazakhstan. On the basis of sociological survey data, sociocultural factors in the sphere of family and kinship relations, language proficiency, development of the ethnic culture of the Kyrgyz diaspora in Kazakhstan are revealed.

**Key words:** Kyrgyz, history, migration, diaspora, interview, sociocultural factors.

### **References**

1. Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ord i stepej [Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes] (Eastern Literature, Petersburg, 1832)
2. Vitsen N.K. Severnaja i vostochnaja Tartarija [Northern and eastern Tartary] (Pegasus, Amsterdam, 2010)
3. Miller G.F. Istorija Sibiri [History of Siberia] (Publishing house of the Academy of Sciences, Moscow-Leningrad, 1941)
4. Bardanes H. Polnoe sobranie uchenyh puteshestvij po Rossii [Complete collection of scientists traveling in Russia] (Publishing house of the Academy of Sciences, Sankt Peterburg, 1825)
5. Bartol'd V.V. Kirgizy (Istoricheskij ocherk) [Kirghiz (Historical Sketch)] (Kirgizgoszdat, Frunze, 1943)
6. Valihanov Sh. Zapiski o kirgizah [Notes on the Kirghiz], Sobranie sochinenij v pjati tomah [Collected works in five volumes] (Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Almaty, 1985)
7. Masanov E.A. Ocherk istorii jetnograficheskogo izuchenija kazahskogo naroda [Essay on the history of ethnographic study of the Kazakh people] (Gylym, Alma-Ata, 1966)
8. Klaproth H. Tableaux historiques de l'Asie. (Paris, 1823)
9. Abramzon S.M. Kirgizy i ih jetnogeneticheskie i istoriko-kul'turnye svjazi [Kirghiz and their ethnogenetic and historical-cultural ties] (Academy of Sciences of the Kyrgyz SSR, Frunze, 1990)
10. Raymbekova M. Kazakhstandagy kyrgyzdar: etnodemografialyk korsetkishter [Kyrgyz in Kazakhstan: ethno-demographic indicators], 3, 36-37 (2016) [in kazakh]
11. Nevskaya I.A., Tazhibaeva S.Zh., Shaymerdinova N.G., Shening K., Tusupov Zh. Turkskij mir Kazahstana: issledovanie yazykov i sozdanie bazy dannyh [Turkic World of Kazakhstan: language research and database creation] (International Turkic Academy, Astana, 2016)

#### **Сведения об авторах:**

**Шаймердинова Н.Г.** – Түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

**Жиембай Б.С.** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

**Әбдірәсімова А.Е.** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

**Shaymerdinova N.G.** – Doctor of Philology, Professor of Turkology Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

**Zhiyembay B.S.** – PhD doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

**Abdrassimova A.E.** – PhD doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.